



Magzhan zhuldyzy

Магжан Жұмбабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 11 (810) 14 наурыз 2024 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi https://vk.com/Magzhan zhuldizi e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ӘЗЕРБАЙЖАНҒА САПАРЫ

СЫНДАРЛЫ СҰХБАТ

Алдымен екі елдің Президенттері келіссөз өткізді. Келіссөз барысында тараптар сауда-экономикалық, көлік-транзиттік, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық, сондай-ақ цифрландыру, азық-түлік қауіпсіздігі және жаңартылатын энергия көздері салаларындағы ықпалдастық мәселелерін талқылады. Қорытындысында оннан астам тұжырым қол қойылды. Мемлекет басшылары Қазақстан мен Әзербайжан бұқаралық ақпарат құралдары үшін брифинг өткізді. Президент Әзербайжанды Қазақстанның стратегиялық серіктесі ретінде атап өтіп, бауырлас мемлекет жасаған сапарының мән-маңызына тоқталды.

«Бұл мемлекеттік сапар елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту тұрғысынан өте маңызды. Менімен бірге бірқатар делегат келді. Бұл бауырлас Әзербайжан еліне жоспарланған осы мемлекеттік сапарға мейлінше тыңғылықты дайындалғанмызды білдіреді. Бүгін біз тиісті құжаттар мен келісімдерге қол қою рәсіміне қатыстық. Ең бастысы, арадағы келісімге сәйкес, екі ел үкіметтері мен басқа да салалық ведомстволар жоғары деңгейдегі кездесулер барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды толыққанды жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсайды», – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Әзербайжанның ықпалдастығы достыққа, сенімге, бір-бірінің мүддесін құрметтеуге және ескеруге негізделген мемлекетаралық қатынастың озық үлгісі саналатынын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, жоғары деңгейдегі байланыстардың бәрі екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды нығайту үшін өте пайдалы. Президент Жоғары мемлекетаралық кеңестің алғашқы отырысында талқыланған мәселелердің маңыздылығына назар аударды.

«Біз бүгін бүкіл әлемде ресурстардан бөлек, көлік-логистика саласындағы мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін бәсекелестік күшейіп келе жатқаны туралы айттық. Бұл – стратегиялық сала. Қазақстан да, Әзербайжан да сенімді серіктестіктер ретінде бұл бағытта тығыз қарым-қатынас жасап жатқанын қуантанды. Сиань портынан Қазақстан аумағы арқылы Әзербайжанға дейінгі теміржол бағдарын ашудың өзі көп нәрсені аңғартады. Бұл – шын мәнінде, өте маңызды шара. Біз цифрландыру, жасанды интеллект жүйесін құру, Каспий теңізінің табына арқылы оптикалық-талшықты байланыс желісін тарту бағытында күш-жігер біріктіру туралы пікірлестік. Мұның бәрі – бірегей жобалар», – деді Президент.

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев мемлекеттік сапармен келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, келіссөздердің нәтижесіне көңілі толатынын жеткізді.

«Транскаспий көлік дәлізі – аймақтық ынтымақтастық деңгейін анықтайтын нақты бағыт. Өйткені көрші елдермен жақсы қарым-қатынас орнатпай, транзиттік елге айналу мүмкін емес. Бұл ретте Қазақстан да, Әзербайжан да өңірлік ынтымақтастыққа, көшірлермен қарым-қатынасын нығайтуға бейілді екенін танытып отыр. Біздің арамды тек Каспий теңізі ғана бөліп жатыр. Алайда бүгінде оның өзі көдергі емес. Керісінше, Каспий тек елдерімізді ғана емес, көптеген мемлекеттердің арасын жалғайтын көпір саналады. Себебі, Транскаспий көлік бағыты өзінің әлеуетін толық ашуға кірісті. Бүгін Үкімет мүшелері көптеген мәселе бойынша егжей-тегжейлі баяндама жасады. Өзара ықпалдастық пен бірлескен іс-әрекеттердің нәтижелері, ең бастысы, болашақ жоспарларымыз, шын мәнінде, өте ауқымды», – деді Ильхам Әлиев.

ЫНТЫМАҚТАстыҚҚА СЕРПІН БЕРЕР КЕҢЕС

Осыдан кейін Мемлекет басшылары Қазақстан мен Әзербайжанның Жоғары мемлекетаралық кеңесінің бірінші отырысына қатысты. Отырыста Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Гейдар оғлы Әзербайжан Республикасының Президенті сайлауында айқын жеңіске жетуімен құттықтады. Президенттің айтуынша, дауыс беру қорытындысы Әзербайжан көшбасшысының стратегиялық бағдары жалпыхалықтың қолдауына ие болғанын және оған



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әзербайжанға екі күнге созылған мемлекеттік сапары жемісті аяқталды. Күні кеше Бакудегі Гейдар Әлиев атындағы халықаралық ауежайға қонған ушақтан түскен Мемлекет басшысы бірнеше минутқа созылған қарсы алу іс-шарасынан кейін көлікке отырып, бірден Әзербайжан Президентінің «Зағульба» резиденциясына бет бұрды. Резиденция алдында Қасым-Жомарт Кемелұлының Әзербайжан Президенті Гейдар Әлиев күтіп алып, протоколға сәйкес мәртебелі мейманды қарсы алу рәсімі өтті. Осылайша, Қазақстан Көшбасшысының Бакуге мемлекеттік сапары басталған еді.

жұртшылықтың сенімі жоғары екенін анық көрсетті.

«Сізді әзербайжан халқының жалпыға бірдей танылған көшбасшысы деп білеміз және халықаралық аренада да осындай тұлға ретінде қабылдайды. Сонымен қатар Әзербайжанның өз егемендігін қалпына келтіру ісінде тарихи жеңіске жеткеніне шын жүректен қуаныштымыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Астана мен Баку ынтымақтастықтың жоғары деңгейін көрсетіп, бірлескен жұмыстың жаңа бағыттарын дамытып отырғанын ерекше атап өтті.

«Жаңа ғана біз сауда-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастыққа, халықаралық аренадағы өзара ықпалдастыққа қатысты барлық мәселені егжей-тегжейлі талқыладық және ортақ ұйғарымға келдік. Бұл Қазақстан мен Әзербайжанның, шын мәнінде, стратегиялық серіктес, одақтас мемлекеттер екенін көрсетеді. Осы арада екі ел үкіметтері бүгін қол қойылған құжаттар, келісімдер түріндегі уағдаластықтарды жүзеге асырумен айналысатынын ескерсек, ынтымақтастығымыздың перспективасы өте зор. Мен COP29 саммитіне қатысуға шақыруыңызды ықыласпен қабыл аламын. Мұндай шараны өткізу – Әзербайжан мемлекеті мен оның дипломатиясы үшін айтулы тарихи жетістік. Саммит қазіргі климат мәселелерін реттеу және жаһандық ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан өте маңызды. Баку бұл міндетті өзара аман атқаратынын сөзсіз», – деді Мемлекет басшысы.

Ал Әзербайжан Президенті Жоғары мемлекетаралық кеңестің алғашқы отырысының тарихи мәніне тоқталды. «Қазақстан мен Әзербайжан – бауырлас мемлекеттер. Халықарамызғасырларбойы тату, бауырлас ел ретінде ынтымақтастықта өмір сүріп келеді. Соңғы кездері біздің бір-бірімізге жасаған сапарымыздың жиілеуі. Осыдан-ақ өзара қатынастардың қарқыны қаншалықты күшейе түскені айқын көрінеді. Біз Қазақстанның әр табысына қуанамыз. Сізді және бүкіл бауырлас Қазақстан халқын әлеуметтік-экономикалық және инновациялық даму жолындағы көрнекті жетістіктерімен құттықтауға келеді. Сонымен қатар біз екі елге ортақ жобалар туралы өңімелестік. Мен Қарабақты қалпына келтіру ісіне бауырлас ел ретінде жәрдем бергені үшін Қазақстан Президентіне ризашылығымызды білдірдім. Физули қаласында Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығы қазақ халқының әзербайжан халқына тартуы ретінде Президент Тоқаевтың бастамасымен бой көтерді. Ертен біз достығымыздың орталығына айналатынын осы нысандар ашамыз. Сондай-ақ Әзербайжанның

ақ Президенттер жергілікті халықпен кездесіп, алдағы уақытта салынатын Физули қалалық Орталық ауруханасының жобасымен танысты. Шуша қаласындағы әлеуметтік-мәдени және басқа да нысандарды аралап көрді.

БАУЫРЛАСТЫҚ НЫШАНЫ

2022 жылдың 24 тамызында Қазақстан Президентінің шешімімен Физули қаласында Құрманғазы атындағы Балалар шығармашылығы орталығының іргесі қаланған еді. Елдеріміздің достығының, бауырластығының және өзара қолдаудың нышаны саналатын бұл нысанның ашылуы бүгін екі Мемлекет басшыларының қатысуымен өтті.

«Бұл – Қазақстан халқының тартуы. Менің жеке тапсырмам бойынша аталған сыйлықты жекеменшік ВІ Group компаниясы бүкіл халықтың атынан шын жүректен ұсынып отыр. Орталық елдеріміз арасындағы жан-жақты байланыстарды нығайтуға қызмет етеді деп ойлаймын. Сіздерге табыс пен бақ-береке тілеймін. Әзербайжанның осы қасиетті өлкесі қарыштап дами беретініне сенімдімін», – деді Қазақстан Президенті Физули жұртшылығымен өңімелесу кезінде.

Президент бұл Орталыққа Құрманғазының есімі кездесіп беріліп отырғанын айтты. Өйткені қазақ халқының дәулескер күйшісінің бай мұрасы бүкіл түркі дүниесінің асыл қазынасына айналды.

«Шын мәнінде, Құрманғазы – қазақ музыкасының алыбы. Тіпті түркі мәдениетінің ажырамас бөлігі деп айтуға болады. Қазақтың күй өнерін Құрманғазысыз елестету мүмкін емес. Оның туындылары өте тегеурінді әрі заманмен бірге жасай береді. Сондықтан оның айғлгі «Сарыарқа» күйін халық өлі күнге дейін тебірене тыңдайды», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Ильхам Әлиев Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша Қазақстан халқына алғыс айтты.

«Бауыр ретінде осындай көрнекті сый жасағаныңыз үшін Сізге алғыс айтып келеді. Азат етілген жерлерде Балалар шығармашылығы орталығын салу Сіздің бастамасыңыз еді. Осыдан бір жарым жыл бұрын Әзербайжанға келген кезіңізде, аталған орталықтың жобасы таныстырылған болатын. Ол бір жыл ішінде салынды және бүгін ресми түрде ашылды отыр. Орталық қазақ халқының ұлы перзенті Құрманғазының есімімен аталды. Кеше айтқанымыздай, бұл тек балалардың шығармашылығын ыңдап қана қоймай, Қазақстан мен Әзербайжанның достығы мен бауырластығын айқындайтын орталық болады. Біз бұл тартуға шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Әзербайжан халқы мұны өшкешан ұмытпайды», – деді Ильхам Әлиев.

Осыдан кейін екі ел басшылары Орталықтағы жаңа кабинеттерді, кларстарды, залдар мен шығармашылық студияларын аралап көрді. Мемлекет басшысы Орталық ұжымына Құрманғазы домбырасының көшірмесін, сондай-ақ білім шағуының тәрбиеленушілерін тасытын автобусына сыйға тартты.

ШУША САПАРЫ

Мемлекет басшысының Әзербайжанға сапары Шуша қаласында жалғасты. Екі ел Президенттері Қарабақ тау жотасының баурайында орналасқан қаланың бас жоспарымен танысты. Содан кейін олар аймақтың көрнекті жерлерін, оның ішінде орталық алаңды, «Саатлы» мешітін, тау қыратындағы «Джыдыр дюзю» алаңын, «Бюль-Бюль» мұражай-үйін, жалпыұлттық көшбасшы Гейдар Әлиевтің 100 жылдығына орай ұйымдастырылған фотокөрмесін және тағы да басқа тарихи орындарды аралап көрді.

Шуша шаһары ежелден әзербайжан мәдениетінің алтын бесігі саналған. Қала заманында гүлденіп, поэзия, көркемөнер және сәулет өнері дамыған орталық болған. Бүгінде мұнда инфрақұрылым салу және қалпына келтіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Қазірдің өзінде бірнеше қонақ үй, музей және мешіттер бой көтерген. Тұрғын үйлер, білім беру мекемелері, әлеуметтік нысандар, шіркеулер салынып, жөндеуде. Сонымен қатар түрлі сала мамандарының қатысуымен нысандарды бағалау және тұгендеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

егемендігін қалпына келтіру мәселесінде қолдау білдіргендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Әлбетте, Әзербайжанда Қазақстанды бәрі сенімді дос әрі одақтас ел ретінде таниды деп ойлаймын», – деді Ильхам Әлиев.

ЕУРАЗИЯНЫҢ ЖАҢА КӨЛІК-ЛОГИСТИКА ЖҮЙЕСІ ҚУРЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев Сиань қаласындағы Қазақстан мен Қытайдың жаңа көлік-логистика орталығынан шығып, Транскаспий халықаралық көлік бағытымен Ашшерон станциясына контейнерлі блок-пойыздың келуіне орай ұйымдастырылған салтанатты шараға телекөпір арқылы қатысты. Мемлекет басшысы салтанатты шарада сөйлеген сөзінде қазіргідей жаһандық геосаяси тұрақсыздық жағдайында Еуразияның жаңа көлік-логистика жүйесі құрылып жатқанын атап өтті. Оның пікірінше, бұл процесте Қазақстан мен Әзербайжанның тығыз әрі табысты ынтымақтастығы басты рөл атқарды. Бірлескен күш-жігердің арқасында екі елдің сауда-экономикалық әлеуеті нығайып келеді.

Президент Ильхам Әлиев көлік саласы қызметкерлерін осы айтулы оқиғаман құттықтады. Сондай-ақ Қазақстан мен Әзербайжан ынтымақтастықтың көптеген бағыты, соның ішінде көлік-транзит саласындағы ықпалдастықты нығайту үшін белсенді жұмыс істеп жатқанын айтты.

Сондай-ақ осы күні Президент Әзербайжан Милли Мәжілісінің төрағасы Сағиба Гафровамен келіссөз жүргізді. Келіссөз барысында Мемлекет басшысы Қазақстан мен Әзербайжанның қарым-қатынасы қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Әзербайжан Милли Мәжілісінің Төрағасы парламентаралық байланысты дамытуға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

ИЛЬХАМ ӘЛИЕВТІҢ ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНЕ ЕРКЕШЕ ІПТИПАТЫ

Бұл күні Қасым-Жомарт Кемелұлының Әзербайжанға мемлекеттік сапары Физули қаласына жалғасты. Бұл қала 2020 жылдың 17 қазанында екінші Қарабақ соғысы барысында Әзербайжан бақылауына өткен болатын. Мемлекет басшысын ушақ тралынан Ильхам Әлиевтің өзі күтіп алды. Тіпті, көлік рөліне де өзі отырды. Қазақстан Президентін протоколға сәйкес белгіленген орынға дейін алып барды.

Мемлекет басшысы Ильхам Әлиевпен бірге Физули қаласындағы қираған жерлерді аралап көріп, шаһарды дамытуға арналған бас жоспармен танысты. Мемлекет басшыларына қаланы және оның төңірегіндегі аумақтарды қайта қалпына келтіру үшін қолға алынған шаралар туралы мәлімет берілді. Сондай-ақ шаһардың жаңа келбеті: келешек өкімшілік орталықтың, саябақтың және басқа да маңызды нысандардың эскиздері мен жобалары көрсетілді. Сондай-

КӨШІ-ҚОН

ТЕРІСКЕЙГЕ 9 МЫҢ АДАМ ҚОНЫСТАНДЫ

Бұл – «Тәуекел» қоғамдық ұйымының жетекшісі, белсенді Бұрахан Дақановтың сөзі. Алып-қосары жоқ рас сөз. Оның арманы-мұраты солтүстік өңірді жаңға, өрісін малға толтыру болып отыр. Сондықтан оны қазір халық та, билік те қолдап қуаттауға әзір. Мәселен, бытыр «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында еліміздегі еңбек күші тапшы өңірлерге 8903 адам өз еркімен қоныс аударды. Оның ішінде ішкі қоныс аударушылар – 6 492 адам, ал алыс-жуық шетелдерден көшіп келген қазақтар саны – 2 337 адам. Барлық қоныс аударушыға мемлекет тарапынан барынша әлеуметтік қолдау көрсетіліп келеді.

– «9 мың адам келді» деген – жақсы. Бірақ егер бұл 10 есе болса, 90 мың болар еді. Бұл – оңтүстіктегі бір ауылдың халқы. Ал 900 мың болса, әңгіме – басқа. Міне, бізге көрегі – сол. Біздің Солтүстік Қазақстан облысына ең кемі 900 мың адам керек. Қазір жергілікті халық та келіп жатқан ағайынға риза. Өйткені қаңырал бос қалған ауылдардың мектептері жабылу алдына тұр. Ал жаңа көшіп келген ағайын қурап қалған тамырға қан жүгірткендей болды. Қазірдің өзінде мен 3-4 тойға бардым, ел араласып-құраласып, құдаласып-құрмаласып жатыр, – дейді Б.Дақанов.

Еңбек күші тапшы өңірлерге қоныс аудару мүмкіндігін пайдаланып, көш бұйдасын теріскейге бұрғандардың қатарында тіпті астаналықтар да көзdesеді. Солардың бірі – Құралай Масатбаева ханым. Ол отбасымен 2021 жылы Астанадан Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданына көшіп барған.

– Көшкеннен кейін отбасымызға 612 570 теңге материалдық көмек және аудан орталығынан мемлекеттік жалға берілетін тұрғын үй берілді, – деді қоныс аударушы.

Қ.Масатбаеваның бастапқы ескері дайындық мамандығы бойынша жоғары білімі бар екен. Бұған қоса бытыр 1 млн 380 мың теңге мемлекеттік грант алып, шағын кондитерлік дүкенін ашыпты.

– Мен декреттік демалыста үйде жеке кәсіп ашып, балалардың қасында болуды

– Егер қайықтың бір жағына көп адам отырса, қайық аударылып қалуы мүмкін, – дейді Бұрахан дауысы гүрілдеп. – Сол секілді халық та елдің төрт тарапын теңдей ұстап тұруға тиіс. Қазір Сарыағаш пен Мақтааралды қоссақ, бір Солтүстік Қазақстан облысы шығады. Бір шетіміз қалың, бір шетіміз селдірлен тұр. Халықтың қоныстану тереңдігі – қауіпсіздікке, экономикалық-әлеуметтік жағдайға, демографиялық ахуалға әсер ететін нәрсе.



армандайтын едім. Тайынша ауданының жұмыспен қамту орталығына барып, қайтарымсыз грант туралы мағлұмат алдым. Қоныс аударушы болғандықтан, қайтарымсыз грант берілетін санатқа кіретінім туралы білдім. Орталық барлық сұрағымға жауап берді, кәсіпкерлікке қатысы қажетті кеңеспен бөлісті. Сөйтіп, өзіміздің бизнес-жоспарымды қорғап, мемлекеттен грант ұтып алдым, – дейді кәсіпкер.

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық

жобасы аясында қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдау шараларын ұсынып отыр. Мәселен, оған көшуге арналған субсидия – отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшерінде біржолғы көмек, отбасы мүшелерінің саны мен елді мекенге байланысты 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде 12 ай ішінде тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ай сайынғы субсидия беру, қысқа-мерзімді кәсіптік оқытуға жіберу, жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу, экономикалық ұтқырлық сертификаттары

беру кіреді.

Бұған қоса өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге тұрғын үймен қамтамасыз етілген және кемінде 2 жыл мерзімге тұрақты жұмысқа қабылданған әрбір қызметкер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия беріледі.

– Солтүстікке халықты көбірек шоғырландыруға мемлекет тарапынан көптеген бағдарлама, жоба қарастырылып келеді. Бұл жақсы. Бірақ бұған қалталы кәсіпкер азаматтар да атсалысуы қажет. Бұл жерге кәсіпкерлік пен бизнестің көзін ашса ғана келушілер көбейеді. Сондықтан мұнда кәсіп ашуға жеңілдіктер қарастырылуға тиіс, – дейді белсенді.

Бытыр барлық солтүстікке қоныс аударғандардың ішінде 4 158 адам еңбекке жарамды, оның 3 079-ы тұрақты жұмысқа орналастырылыпты, ал 164 адам кәсіпкерлік қызметпен айналыса, 35 адам бизнес ашуға қайтарымсыз гранттар алған.

Ал Моңғолияның Байөлке аймағынан көшіп келген Төлелберген Сексенбайұлы IT маманы екен. Солтүстік өңірге қоныстанған жас отбасылардың бірі.

– Біз бытыр қазан айында көшіп келдік. Жолдасым және екі балам бар. Солтүстік өңірге жан-жақтан көшіп келген адамдар мен жергілікті халық болып қана бір қызықты орта қалыптасып келе жатқаны байқалады. Кейбір жергілікті кісілер жаңа келген отбасыларға ерулік, тіпті бір қойын сыйлайтын кеңпейлі де бар екен. Солтүстікте құжаттандыру мәселесі мейлінше жеңілдетілген. Бірақ қағазбастылық пен орысша құжаттардың қатары өлі де бар. Екінші Иран елінен келген ағайындарға біршама қиындық туғызған тәрізді. Өйткені олар өмірінде аса түгiлi бір қор көрмеген. Ал солтүстіктің көк сүңгі мұзына олардың тәузі қиын. Тіпті бірнеше отбасы Манғастыңа көшіп кетті. Ал Байөлкеден келген бізге климаттың салқындығы әзірге әсер ете қойған жоқ, – дейді ол.

Бақытбек ҚАДЫР.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ

Қазақстан көптеген халықаралық келік артерияларының қиылысында болғандықтан еркеніеттердің қиылысуы оры болды. Ежелгі заманнан бері қазіргі Қазақстан аумағында әртүрлі діни нанымдар дамып, қалыптасты. Мұнда тәңіршілдік, зороастризм, буддизм және несторианизмнің таралу іздері табылды. Қазақстан аумағында әртүрлі діндердің көптігіне қарамастан, халықтың негізгі бөлігі сунниттік исламды ұстанатын мұсылмандар мен орыс православиялық христиан дінін ұстанушылар болып бөлінді.

Зайырлы мемлекеттің негізі - ар-ождан бостандығы, діни нанымдардың теңдігі, діни конфессияларға қатысты саяси биліктің бейтараптығы. Зайырлы мемлекет азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын және діни бірлестіктердің қызметін құқықтық реттеуді жүзеге асырады. Мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қатынастар жүйесі қоғамдық қатынастардың қалған жүйесінен оқшауланбаған. Діни бірлестіктер қазақстандық қоғамның бір бөлігі, институттар, ал діндарлар - Қазақстан Республикасының толыққанды азаматтары болып табылады. Зайырлы сипат Қазіргі Қазақстан құқықтық мемлекетін құру мен оның жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Мемлекеттік билік органдары қанондық құқық негізінде емес, Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде құрылады және әрекет етеді.

Қазіргі уақытта Конституцияның іргелі ережелері негізінде 2011 жылы қабылданған



«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР заңы қолданылады, ол азаматтардың ар-ождан бостандығына құқығын іске асырудың құқықтық тетігі болып табыла-

ды, Негізгі Заңда, халықаралық актілерде және адам құқықтары туралы келісімдерде бекітілген. Зайырлы Қазақстан жағдайында діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлу

қағидаты басым мәнге ие, оған сәйкес:

- діни бірлестіктер саяси қызметтің субъектілері болып табылмайды;
- мемлекеттік басқаруға, мемлекеттік органдарды қалыптастыруға қатыспайды.

Конституция барлығына ар-ождан бостандығына келіпдік береді. сондай-ақ діни, этникалық және басқа да белгілер бойынша кемсітудің кез келген түріне тыйым салады. Ар-ождан бостандығы өр азаматтың өзі үшін рухани құндылықтар жүйесін өз бетінше таңдау құқығын білдіреді. Азаматтардың діни сенім бостандығына адам құқықтарының іске асыруда қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының көпконфессиялы ел ретіндегі өмірлік маңызды мүдделеріне жатады және оның демократиялық және құқықтық дамуының негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

Республикада түрлі діндер мен конфессиялар өкілдерінің бірлескен өмірі мен тиімді өзара іс-қимылы үшін қолайлы жағдайлар қалыптасты. Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар моделі басқа елдер үшін бірегей болды. Әлемнің байлығы оның ерекше әртүрлілігінде екені белгілі. Қазақстан «еркениеттер тоғысы» деп аталады.

Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,
ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

АУДАНДА «МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТАҒАЙЫНДАУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Кейбір адамдар АӘК (атаулы әлеуметтік көмек) – көп балалы аналарға немесе мүгедек берілетін жәрдемақы сияқты белгіленген ақшалай төлемдері бар жәрдемақы түрі деп қате ойлайды. Бірақ бұл олай емес. Атаулы әлеуметтік көмек – бұл қазіргі кезде қиын қаржылық жағдайға тап болған және табысы жоқ немесе табысы кедейлік шегінен төмен азаматтарға мемлекет тарапынан берілетін уақытша төлемдер мен жәрдемақылар. Яғни, АӘК – бұл жылдар бойы тұрақты төленетін жәрдемақы емес, уақытша төлемдер. Атаулы әлеуметтік көмек алдын ала 12 айға емес, тоқсанға ғана тағайындалады. Мерзім аяқталғаннан кейін есептелеуір

қайталанады. Бұл белгілі бір отбасының одан әрі АӘК төлемдерін қажет ететінін түсіну үшін қажет.

Отбасының (адамның) әлеуметтік жағдайына қарай көмек екі түрге бөлінеді: шартсыз және шартты;

Шартсыз ақшалай көмек – жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысу мүмкіндігі шектеулі аз қамтылған адамдарға (отбасыларға) ай сайынғы төлемдер нысанында көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек;

шартты ақшалай көмек - жалғыз тұратын немесе жалғыз тұратын еңбекке аз қамтылған қабілетті адамдарға, сондай-ақ жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары-

на қатысу мүмкіндігі шектеулі аз қамтылған отбасыларға ай сайынғы немесе біржолғы ақшалай төлем нысанында көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек, еңбекке қабілетті (еңбекке қабілетті) мүшенің (мүшелердің) құрамына, оның (олардың) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуы және (немесе) әлеуметтік бейімдеу қажет болған жағдайда.

Өткен 2023 жылы атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны 128 отбасын құрады, бұл 581 адам. Оның ішінде көпбалалы 38 отбасы бар. 46857,2 мың теңге тағайындалды және төленді. 106 отбасы бір жастан 6 жасқа дейінгі балаларға 6127,2 мың теңге сомасында

қосымша төлемдер алды.

Қабылданып жатқан шаралар, есіресе жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту нәтижесінде 2023 жылы атаулы әлеуметтік көмек алған 90 отбасының 25-і өз өмірін қалыңқа келтіру үшін берілген мүмкіндікті сәтті пайдаланып, кедейлік жағдайынан шықты.

Ағымдағы, 2024 жылы АӘК есептеу жалғасатын болады. 129 отбасына 44491,0 мың теңге сомасына тағайындау жоспарланған.

Елена ЗЕМЛЯНЫХ,
жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы.

МӘМС ХАБАРЛАЙДЫ

ПРЕЗИДЕНТТІҢ СЫНЫПАН КЕЙІН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР БОЛАДЫ

Тұрмысы төмен отбасы санатына кіретін адамдар үшін МӘМС жарналарын жергілікті атқарушы органдардың есебінен төлеу жағы қарастырылуда. Бірқатар нормативтік құқықтық актілерге түзетулер енгізу арқылы жүйеге шамамен 1,5 миллион адамды тарту жоспарланған.

Бұл туралы өлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стратегия департаментінің директоры Дамир Көлжасаровпен мәлімдеді.

Жақында ғана Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде нақты нәтиже жоқ екенін ашық айтқан болатын.

"Медицинаға бөлінетін қаржы көлемі артқанымен, қордаланған мәселелер әлі шешімін таппай жатыр. Міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі тиімсіз болып шықты, нақты нәтиже жоқ. Үш миллионға жуық адам медициналық сақтандырусыз қалды, соның салдарынан олар медициналық қызметтерді толық пайдалана алмайды", - деді Президент.

Өз кезегінде жуырда ғана тағайындалған Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова ведомство отырысында міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгені оған кететін шығынның өсіп, 2023 жылы оның 2,6 трлн теңгеге жеткеніне назар аударды. Сонымен қатар ол сақтандырылған адамдардың арасында тегін медициналық көмекті ала алатындарының саны шектеулі екенін атап өтті.

"Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін медициналық көмек жүйесін жаңғырту бойынша кешенді шаралар қабылдап, ресурстарды үнемдеуге және азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға баса назар аудара отырып, ашықтықты, тиімділікті, қаржы ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету қажет", - деді министр.

Өлеуметтік медициналық сақтандыру қоры мәліметтеріне сәйкес, қазір елімізде 16,4 млн азамат МӘМС жүйесінде сақтандырылған, бұл халықтың 81,9%-ы. Олар төлеген жарна сомасына қарамастан, медициналық көрсеткіштері болса, МӘМС есебінен толық медициналық қызмет алуға құқылы.

Ал 3,6 миллионнан астам қазақстандық сақтандырылмаған, бірақ МӘМС жүйесінде



мәртебесі жоқ азаматтардың барлығы жұмыссыз деген сөз емес. Арасында жұмыс істеп, салық төлемейтіндер бар. Егер адамның табыс көзі болса, заңды түрде әр табысынан салық пен жарна төлеуге міндетті.

Осыған орай, Өлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стратегия департаментінің директоры Дамир Көлжасаровтың айтуынша, сақтандырылмаған азаматтарды тартуда жергілікті атқарушы органдардың қатысуын қарастыратын бірқатар нормативтік құқықтық актілерге түзетулер әзірленді.

"МӘМС жүйесі бесінші жыл жұмыс істеп жатыр. Әрине, әлі де өзгерістерді қажет ететін көптеген мәселе бар. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша азаматтарды медициналық сақтандырумен қамту жөнінде жұмыстар атқарылуда. Осыған байланысты сақтандырылмаған азаматтарды тартуда жергілікті атқарушы органдардың қатысуын қарастыратын бірқатар нормативтік құқықтық актілерге түзетулер әзірленді. Яғни азаматтардың кезекеленген санаттарды үшін МӘМС-ке жарнаны облыстардың, республикалық маңындағы қалалар мен елорда әкімдіктерінің қаражаттары есебінен төлеу көзделуде", - деді Д. Көлжасаров.

2025 жылдан МӘМС жүйесінде сақтандырылған азаматтардың саны артады деп жоспарланып отыр. Тұрмысы

төмен отбасы санатына кіретін адамдар үшін МӘМС жарналарын жергілікті атқарушы органдардың есебінен төлеу жағы қарастырылуда. Бұл жүйеге шамамен 1,5 миллион адамды алып келеді деп күтілуде. Әкімшілендіруді жетілдіру және халық табыстарының ашықтығын арттыру бойынша шаралардың нәтижесінде МӘМС жүйесімен қамту деңгейі кемінде 95% құрайды деп күтілуде, деп мәлімдеді Қор өкілдері.

Сонымен бірге ТМҚК және МӘМС – екі медициналық пакетке әкімшілік ету қиын екендігіне медицина қауымдастығы тарапынан бірнеше рет наразылық айтылып келді. "Осыған байланысты 2026 жылдан бастап Бірыңғай пакетті кезең-кезеңмен қалыптастыру жөнінде "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне тиісті түзетулер әзірленді.

Бүгінгі өзінде жоба жүзеге асырылып, онда үш және одан да көп шарттардың орнына – бір шарт, ал екі қаржыландыру көзінің орнына – бірыңғай пул жасалуда. Біз қазір нақты еміделіп шыққан жағдайға және көрсетілген медициналық қызмет үшін едәуір жетілдірілген төлем жүйесін кезең-кезеңмен іске асырып жатырмыз", - деп жауап берді Өлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стратегия департаментінің директоры.

Сондай-ақ Қордың өз ішіндегі мониторинг және постмониторинг жүйесіне тізділер өзгертілуде. МӘМС-ті жетілдіру және жақсарту мақсаттарында, Қор 2024 жылы "Е-Денсаулық" базасында медициналық көмектің бірыңғай төлем жүйесін енгізуді жоспарлап отыр, аталған жүйе медициналық қызметтерді алғандығын науқастардың өздері QR-растауды қарастырады. Бұл қазірдің өзінде қосып жазу мәселесін болғызбай, жүйені қаржылық жағынан одан сайын ашық етпек.

"2026 жылы МӘМС-ке жеке тұлғалардан аударымдарды жинау үшін Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетіне жауапкершілікті беру жоспарлануда. Сондай-ақ, Мемлекеттік кірістер комитеті КСР-тер мен мүлікті жалғалы бірдей декларациялауды енгізеді", - деді маман.

Сонымен қатар қазір Қор Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп 2024 жылғы 7 ақпанда өткізілген Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысының медициналық көмектің бірыңғай топтамасын қалыптастыру бойынша тапсырмасын орындау аясында тегін медициналық көмектің елімізде берілген көлемі және міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберіндегі медициналық көмектің тізбелерін қайта қарау бойынша ұсыныстарды қалыптастыру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Жалпы 2023 жылдың қорытындысы бойынша МӘМС жүйесінде:

- 122 млн. астам клиникалық-диагностикалық қызметтер көрсетілді;
- пациенттердің белгілі бір санаттарына 9,6 млн. стоматологиялық қызметтер көрсетілген;
- елдің тәулік бойғы стационарларында 2,3 млн. емделген жағдайлар;
- 21 мың жоғары технологиялық медициналық көмек (ЖТМК) көрсетілді;
- еліміздің күндізгі стационарларында 860 мың тиісті ем-дом тағайындалды;
- еліміздің ауылдық стационарларында 820 мың ем-дом тағайындалды;
- ауыл тұрғындарына 2,2 млн медициналық қызметті жылжымалы медициналық пункттер көрсетті;
- тәулік бойғы және күндізгі стационарларда 302 мың медициналық оңалту жүргізілді.

МАМАН КЕҢЕСІ

АСТАН УЛАНБАУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ!

Көктем басталысымен қазақстандықтар дастарханды ұлттық тәамдардың түр-түрінен бастап, салаттар мен кілегейлі кондитерлік өнімдерге дейін алуан түрлі тәамдармен ұсынуға тырысады. Десемен, гигиеналық ережелерді сақтамаңыз, мерекелік дастархандағы тәамнан улану қаупі бар. Осыған орай, Наурыз мейрамын тойлау және осы мерекеге байланысты демалыс күндері «М. Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ астан улануды болдырмау үшін гигиена ережесін сақтауды ескертіңіз салады.

Үйде тамақтан улану мен жіті ішек инфекцияларының алдын алу үшін мыналарды орындау қажет:

- гигиена ережелерін сақтау, әсіресе ас үй мен қолды таза ұстау;
- дастархан басына отырудан жартысағат бұрын тамақ дайындауды жоспарлаңыз, шикі және дайын тағамдарды бірге сақтауға немесе кесу кезінде бірдей кесетін ыдыстарды пайдалануға жол бермеңіз;
- сапасы күмәнді немесе айқын бұзылу белгілері бар (ісі, түсі, дәмі) шикізат пен дайын тағамдарды қолданбаңыз;
- кешегі тойдан қалған тағамды, әсіресе тоңазытқышсыз сақтаған жағдайда, тұтынбау керек.

Асқорыту жүйесі ауруларының жедел асқынудың алдын алу үшін мынаны білуіңіз қажет:

- артық тамақтанбаңыз, ащы, тұзды тағамдарды немесе көп мөлшерде дәмдеуіштер бар тағамдарды қолданбаңыз;
- өт жолдарының және ұйқы безінің созылмалы аурулары болса, олардың асқынуды көптеуі немесе ұстамалары үшін майлы және қуырылған тағамдардан аулақ болыңыз.

Әдетте, мереке күндері қоғамдық тамақтандыру және сауда орындары аспаздық және кремді кондитерлік өнімдерді көп мөлшерде дайындайды. Сақтау мерзімі қысқа болатын түрлі салаттар, өт және балық тағамдары, қауыптан, желе өттері сұранысқа ие. Сондықтан олардың жарамдылық мерзіміне, азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін кұлаңдыратын құжаттардың болуына, оларды сату және сақтау шарттарына назар аудару қажет.

Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің басшылары санитарлық ережелердің кейбір талаптарын сақтауы керек:

- өнімді сақтау шарттарын сақтай отырып, тез бұзылатын өнімдер мен дайын тағамдарды өткізу кезінде тоңазытқыш жабдықтардың жеткілікті көлемінің болуын қамтамасыз ету;
- сатушылар мен қызмет көрсететін персоналдың жеке медициналық құжаттарының болуын қамтамасыз ету;
- өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуын қамтамасыз ету;
- сатушылар мен қызмет көрсететін персоналдың жеке гигиенасын сақтау үшін жағдайлардың болуын қамтамасыз ету;
- персонал үшін арнайы киімнің болуын қамтамасыз ету (жеткілікті мөлшерде).

Сонымен қатар, тамақтандыру мекемесінің қызметкерлері келесі талаптарды сақтауы керек:

- жеке бас гигиенасы мен тазалық ережелері;
- тамақ өнімдерін термиялық өңдеуді жүргізу, сондай-ақ көкөністер мен жемістерді мұқият жуу;
- шикі және дайын өнімдерді кесу жабдықтарын мақсатына сай пайдалану;
- ыдыс-аяқ дайындаған кезде, жоғары сапалы өнімдерді қолданыңыз, шикізатты дайын өнімдерден бөлек сақтаңыз;
- шарабасталаралдында қауыпты бұрын ыдыс-аяқтарды дайындаудан және ыдыс-аяқтармен дастархан жаудан бас тарту және олардың қажетті температуралық шарттарды сақтай отырып сақталуын қамтамасыз ету ұсынылады.

Құлсара ӘЛЖАНОВА,

Мағжан Жұмабаев ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ТАҢБАЛУ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДӘРІХАНАЛАР ҚАЙТПЕК КЕРЕК?

Тауарларды таңбалау және қадағалаудың бірыңғай операторы бүкіл Қазақстан бойынша дәріхана қызметкерлері үшін таңбаланған дәрілік заттармен жұмыс істеу бойынша оқыту семинарларын тұрақты түрде өткізеді. Бірыңғай оператор Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары бойынша департаменттерінің бастамасымен дәріхана қызметкерлері мен иелеріне онлайн оқыту жүргізді. Бұл ретте жақын арада Қазақстанның басқа өңірлеріндегі дәріхана қызметкерлеріне таңбаланған дәрі-дәрмекпен жұмыс істеу бойынша семинарлар өткізілмек.

Қазақстанда дәрілік заттарға цифрлық таңбалауды енгізудің негізгі себебі болып тауар контрафактінің жоғары көрсеткіші мен дәрілік заттарды елге заңсыз екелу жағдайларының көп болуына байланысты халықтың денсаулығына тікелей қауіп төндіруі. Сондай-ақ, дәрілік заттарды цифрлық таңбалау әрбір дәрінің қозғалысын онлайн бақылауға, сұранысты бағалауға және қажетті резервтерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл мұқтаж адамдардың барлығын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың 1 шілдесінен бастап барлық дәрілік заттар міндетті түрде таңбалауға жатады. Дәрілік заттарды цифрлық таңбалау жүйесі әрбір дәрілік заттың қаптамасында өнімнің түпнұсқалығын тексеруге болатын бірегей data matrix цифрлық кодтарын пайдалануды көздейді, оны сканерлер, деректерді жинау терминалдары, POS терминалдар және телефон камералары арқылы сканерлеуге болады.

Дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау жүйесінде жұмыс істеу үшін дәріханалар ақпараттық жүйеде дәрілік заттарды қабылдау қажет. Ол үшін жеке компьютер, деректерді жинау терминалы немесе ұялы телефон (iOS немесе Android негізіндегі смартфон) болса жеткілікті. Дәріхана қызметкері дәрі-дәрмекті сатқан кезде кодты оқуға арналған сканері бар бақылау-касса

машинасын, POS-терминалын немесе ұялы телефонды пайдалана отырып, ақпараттық жүйеде дәрілік затты айналымнан алуы қажет.

Вебинар барысында Бірыңғай оператор қызметкерлері дәрілік заттарды сату үшін ДӘРІХАНАФА не істеу қажет екенін еске салды:

1. Бақылау-кассалық машинаның (БКМ) болуы. Бұл ретте бақылау-касса машиналарының міндетті болуы таңбалауға байланысты емес және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 16 ақпандағы №208 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасында 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілді.

2. Таңбалау және қадағалау ақпараттық жүйесінде таңбаланған дәрілік препаратты айналымнан қабылдау және шығару үшін бақылау-кассалық машиналармен үйлесімді 2D сканерін алыңыз. (2D сканерлерінің орташа құны 13 мың теңге)

3. Бақылау-касса машинасы болмаған жағдайда, таңбаланған дәрілік затты мобильді бақылау-касса машиналары (WebKassa, ReKassa және т.б.) немесе ұялы телефон арқылы сатуға және айналымнан шығаруға болады.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта таңбаланған дәрілік заттарды айналымнан шығару мүмкіндігі Freedom Bank және Halyk Bank сияқты бірқатар екінші деңгейлі банктердің төлем терминалдары арқылы жүзеге асыруға болады.

Қадағалау функциясынан басқа, тегін Naqtu Onip қосымшасы тұтынушыларға өнімнің дәріхана сөрелеріне дейін толық жолын, сатып алынған дәрінің Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген шекті рұқсат етілген бағаға сәйкес келетіндігі туралы мүмкіндік береді. Қазақстанда дәрі-дәрмек бағасы жылғына екі рет бекітіледі. Егер таңбалау кодын сканерлегеннен кейін сатып алушы дәрінің жарамдылық мерзімі өтіп кеткенін немесе дәрі-дәрмектің құны рұқсат етілген бағасынан жоғары екенін анықтаса, онда ол шағымды қосымшаға қалдыра алады.

«АНАЛАР – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ!»

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында аудандық Мәдениет үйінде «Аналар – асыл қазынам!» атты салтанатты іс шара өтіп, оған аудан әкімі Қайрат Омаров қатысты. Мерекке сай мәдениет ошааының дәлізі жұртшылықты ауданның әр салада табысты еңбек етіп жатқан әйелдер қауымының суреттерімен, естелік суретке түсу аймағымен безендіріліп, жас суретшілер сол мезетте қылқаламдарын қола алып, әртүрлі туындылар дүниеге әкеліп, келушілерді таланттарымен тамсандырды. Сондай-ақ бұл күні аудандық тарихи-өлкетану музейінде орын тепкен қылқалам шеберлерінің көрмесі мажандықтар назарына ұсынылып, көрмендердің жоғары бағасына ие болды.

«Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларының иегерлері бар. Біз әрқашан батыр аналарға сүйспеншілік пен қамқорлықтары үшін бас иеміз!
Әйелдер тек қыздар, әпкелер, аналар мен жарлар ғана емес, сонымен қатар отбасылық ошақтан бизнеске, ғылымға және мәдениетке дейін біздің өміріміздің әртүрлі салаларында табысты еңбек етіп, сүбелі үлес қосып жатқан жандар.

Біздің әйелдер – қазіргі заманғы адамның жарқын бейнесі, олар белсенді, өз ісін жақсы біледі және елеулі жетістіктерге тез қол

лаларында жұмыс істейтіндердің шамамен 80%-ы әйелдер.

Аға буынға жататын әйелдерге ерекше алғысымды айтамын. Сіздердің аудан дамуына қосқан үлестеріңіз орасан зор, біз оны әрқашан есте сақтап, мақтан тұтамыз.

Қымбатты аналар, аяулы апа-қарындастар!

Сіздерді жылдың ең жарқын да әсем, көктем мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбекте жеміс, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-бөреке және барлық жақсылықтарды тілеймін, - деді аудан басшысы.

СТФ сауыншысы Татьяна Сергеевна Дударева адал еңбегі, белсенді қоғамдық жұмысы, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін және 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне байланысты облыс әкімінің Алғыс хатын иеленді.

Сондай-ақ мерекеге орай, сахна төріне көтерілген бірқатар әйелдер қауымына ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі, көп жылғы адал еңбегі үшін және 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне байланысты аудан әкімінің Құрмет грамоталары және Алғыс хаттары табыс етілді.



Салтанатты жиын басталмас бұрын үлкен Led-экраннан ауданның белгілі азаматтарының құттықтауы көрсетіліп, әйелдер қауымы бір маркайып қалды. Содан соң, «Amanat» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов пен «Мағжан шекара бөлімінің бастығы Абай Дабилбеков құттықтау сөз сөйлеп, әр салада қажырлы қызмет жасап жатқан бірқатар нәзік жандар ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғауда және шекара қызметпен қарым-қатынасты нығайтуда қосқан үлесі үшін ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті шекара қызметі СҚО бойынша Департамент бастығының құттықтау хаттымен марапатталды.

Содан кейін сахнада ана туралы жыр оқылып, жүрек тебірентер қойылым қойылды. Әртістер әйел затының бейнесін сомдап, өмірдегі ананың рөлі мен міндетін тамаша сахналай білді. Өз кезегінде аудандық Мәдениет үйінің кәрттегі концертті бағдарламаны жалғастырып, көтеріңкі көңіл күй сыйлау мақсатында жиналған қауымға «Бақытты әйел» әнін тарту етті.

Көктемгі күннің көзіндей жылы жүзді, тула бойына сұлулық тұнған, Ұлы Домалақ ананың зерделілігін, Ұлжан ананың

ұлағаты мен Еңліктің нәзіктігінен нәр алған, ақылымен ел билеген, айбатымен жау қашырған, өсімдері тұтас жұрттың тәрбие бесігіне айналған сіздер ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көкісіздер, - деп жар салған жүргізушілер сахна төріне аудан әкімін шақырды.

Өз кезегінде Қайрат Қайроллаулы мағжандықтарды 8 наурыз мерекесімен құттықтап, әйелдерге ізгі тілектерін арнады.

- Құрметті аналар мен әрулар! Сіздерді 8 наурыз мейрамымен құттықтаймын! Шынында да бұл - жылдың ең аяулы, жарқын және тамаша күні!

Осы тамаша әйелдер мерекесінде тек жағымды эмоциялар, шексіз бақыт және зор денсаулық тілегім келеді. Барлық ауырталық сіздерді айналалып өтсін және арйалап атқан әрбір таң тек қуаныш әкелсін.

Табиғаттың әсемдігі шабыт берсін. Көктемнің басы өмірлеріңіздегі өте қалаулы және әдемі оқиғаның бастамасын білдірсін! Шаңырақтарыңыз бен өмірлеріңіз жылулыққа, әр күндеріңіз күлкіге, махаббатқа, қамқорлық пен қуанышқа толы болсын.

Бүгінгі таңда ауданда 385 көпбалалы ана тұрады. Олардың қатарында «Батыр Ана» мен «Ана Даңқы» медальдарының,



жеткізеді.

Ауданның жүзге жуық әйелі күш-жігерінің, кәсіпкерлігінің және жаңашыл идеяларының арқасында өз істерін ашып, кәсіпкерлікпен сәтті айналысуда.

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік қорғау са-

Ақ тілектерін арнаған Қайрат Қайроллаулы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 6 бала туып, тәрбиеленген көп балалы ана Мәлике Жұмабайқызы Ақанованы «Күміс алқа» алқасымен марапаттады. Сонымен бірге, «Ноғайбай»

Мерекке одан әрі концерттік бағдарламаға ұласып, аудандық Мәдениет үйінің әртістері мен ауылдық округтерден келген көркемөнерпаздар залға жиналғандарға әсем өн мен би орындап, мерекелік көңіл күй сыйлады.



АУДАН ШЕКАРАШЫЛАРЫ ӘЙЕЛДЕР ҚАУЫМЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Шекара аймақтарының халқы «Шекараны бүкіл ел қорғайды» қағидасымен етене таныс. Осы өңірде дүние есігін ашқан жасөспірімдердің арасынан шекарашыларға қарап бой түзеп, Отан қорғаушы мамандығын таңдағандар аз емес. Бәрінен де ел шебіне жақын орналасқан ауыл халқы қырағымды қалт жіберген емес. Өздерін шекарашылардың көмекшісі санайды. Жергілікті билік орындары да шекарашыларға қашанда көмек қолын сөзге даяр.

Осыған орай Қарақоға ауылында орналасқан Баян Батыр шекара бөлімше бастығы, аға лейтенант Наурызбай Ерасыл шекара шебінде ғұмыр кешіп, шекарашыларға үнемі қолдау білдіріп отыратын әйелдер қауымын 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтады.

- Еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ұлан-ғайыр мемлекеттік шекарамызды қорғауда шекарашылардың

қажымай-талмай шекара күзетіндегі сінірген еңбектері ерліктің үлгісімен пара-пар. Ал қарапайым тұрғындар шекарашылардың нағыз көмекшілері. Мемлекетіміздің игілігі үшін атқарып жатқан мол істеріңізге табыс, мықты денсаулық, қажымай қайрат тілеймін. Шаңырақтарыңыздан шаттық үзілмей, бейбіт елімізде мәңгілік тыныштық болсын, - деді аға лейтенант Ерасыл Арыстанұлы.

Мерекелік іс-шара барысында нәзік жандарға Баян Батыр шекара бөлімшесі атынан Алғыс хаттар табыс етіліп, концерттік бағдарлама қойылды.

Әділхан БАУЫРЖАН,
Баян Батыр шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, лейтенант.



ДИН ЖӘНЕ ҚОҒАМ



БАС МҮФТИ КӨПШІЛІККЕ ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Қазақстан ұлттық телеарнасына сұхбат берген діни бас оразаға қатысты дүниелерге жан-жақты тоқталды.

«Ата-бабалардан бізге жеткен, дініміз Исламмен сабақтасып кеткен салт-дәстүрлеріміз бар. Құдайға шүкір. Соны сақтап қалу мақсатында көп жұмыс атқарылып жатыр. Жақында ғана «Бабалар ізімен: Қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп» кітабы жарық көрді. Бізге Ислам қашан келді, оны бабаларымыз қалай ұстады, қандай бағытта жүрді? Осының барлығы сол жерде көрсетілген. Осы кітаптар елімізге кеңінен тарап жатыр. Дәстүрдің құндылығы аясында Оразаға қатысты дүниелерді айттық. Мысалы, Оразаға қатысты сырттан келген сөздер бар. Мысалы, сәресін біз сәресі деп келдік, кейбір жастарымыз оны «сухур» деп кетті», дейді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Бас мүфти күнделікті өмірде шет тіліндегі сөзді қосып сөйлеу белең алып бара жатқанын айтты. Сонымен қатар ифтар емес, ауызашар деп айтуға үндеді.

«Біреулер ифтар деп айтып кетті. Кейбір сөздерді ағылшын тілінде айтып жатады. Көршілес орыс тілінде айтылатын сөздер бар. Бірақ біз өзміздің ұлттық құндылықтарымызды дәріптейік деген мақсатта осы үндеуді айтып отырмыз», дейді Наурызбай қажы Тағанұлы.

РАМАЗАН АЙЫН ПАЙДАЛЫ ӨТКІЗУДІҢ 5 АМАЛЫ

Алдағы наурызда мұсылман қауымы асыға күтетін, ораза ұстаған және Алланың сауабы төгілетін, қасиетті Рамазан айы басталды. Айлардың сұлтанна балаған бұл Рамазана алдын ала рухани және физикалық дайындалудың маңызы зор. Жүйелі жасалған қам-қарқат Оразаны пайдалы, қиындықсыз өткізуге септеседі. Осы орайда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Діни оқалту бөлімінің меңгерушісі Хасан Аманқұлдан ораза ұстау мен ауызашар беру әдебин сұрадық.

- Биыл Рамазан айы наурыздың қай күні басталады?

- Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы дайындаған 2024 жылғы діни күндер кестесіне сәйкес, биыл рамазан айы 11 наурыз, дүйсенбі күні басталады деп көрсетілген. Алайда діни мерекелердің нақты күндері жаңа айдың көрінуіне байланысты болғандықтан, Рамазан айының басталуы жайында Діни басқарма алдын ала тағы хабарлайды. Сонымен қатар бірнеше жылдан бері Рамазан айын көрші елдердің діни басқармаларымен бірге келісе отырып, бір күнде бастау ұйғарылған.

- Әбу һурайра: «Егер Рамазан айы келсе, жаннат есіктері ашылып тозақ есіктері жабылар. Ал шайтандар шыңжырланар» деген пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) риуаятын жеткізеді.

- Соындай қасиетті айға қалай дайындалу керек? Ауыз бекітуге ниет өткен жан қандай амалдар жасауы тиіс?

- Әрине, Рамазан айына үлкен дайындықпен қадам басқан жөн. Ең алдымен, осы айдағы оразаны кемшіліксіз өткізуді ниет ету. Сонымен қатар Рамазан айы ішінде бес уақыт намазды үзбей оқу, тарауық намаздарына қатысу, барлық адаммен тек жақсы мәміледе болу, жаман өдеттерден арылу, өзін

жақсы жаққа өзгерту және т.б. Әлбетте, ауыз бекіткен адам «ораза ұстап жатырмын» деп, үйден шықпай жатып алуы дұрыс емес. Сондай-ақ бір мекемеде жұмыс істейтін болса, оның оразасы жұмысына кедергі болмауы тиіс. Сонымен қатар Рамазан айында отбасына, бала-шағасына мейлінше көңіл бөлу керек. Яғни, олардың асыуына қарап отыруы, үй шаруаларына көмектесуі, қоғамдық жұмыстарына араласуы ораза ұстайтын адамның міндеті болып қала береді.

- Рамазан айының физикалық, рухани тұрғыда пайдалы өткізудің тәсілдерімен бөлісіңізші?

- Оразаның адамға физикалық және рухани пайдалы болуы үшін төмендегі амалдарды орындау маңызды: Бірінші, күнде сәресіне түрлі дәм ауыз тию, сосын таң намазын оқу. Ауызашарда тоймай тамақ ішу. Уақтылы жатып ұйықтау. Екіншісі, Рамазан айы бос өткізбес үшін адам өзінің уақытын жүйелі реттеп, жоспарлап қию. Үшіншісі, уақытының бір-екі сағатын Құран оқуға, кітап оқуға арнау. Төртіншісі, бес уақыт намазды үзбей оқу, мүмкіндік болса, мешітке барып жамағатпен тарауық намазын өтеу. Бесіншісі, уақытын бос өткізуден сақтану, бос сөзден тілді тию, ашуланбау, т.б.

- Құранда Рамазан айы



туғанда ауыз бекітпеу рұқсат етілген адамдар тобы айтылған. Олар кімдер?

- Алла Тағала Құранда: «Науқастанып қалғандар және сапарда жүргендер басқа күндері ораза ұстап орнын толтырсын», деген («Бақара» сүресі, 185-аят). Сондықтан белгілі бір ағзаның зақымдануы, жаңа аурудың пайда болуы және аурудың асқину қаупі күшейгенде, сондай-ақ білікті өрі өділетті мұсылман дәрігердің кеңесімен ораза ұстамауға рұқсат етіледі. Сонымен қатар жүкті және емізугі баласы бар әйелдер өзі немесе жатырдағы баласы үшін қауіп сезінсе, оразасын тоқтата алады. Етеккірі келген және босанғаннан кейінгі қаны келген әйелдер ораза ұстамайды, бірақ кейін қазасын өтейді. Ислам діні ораза ұстауға шамасы келмейтін кісілерге жеңілдік береді. Яғни, кейбіреулері оразаны Рамазан айынан басқа бір уақытта ұстаса, басқалары оның орнына пидия беріп, оразаның ауыртпалығынан босатыла-

ды. Құран Кәрімде: «Алла сендерге (өр нәрсенің) жеңілдігін қалайды, қиындықпен қинамайды», делінген («Бақара» сүресі, 185-аят).

- Ауыз бекіткен көпшіліккей өрекеттерінен сөкемденіп, бұл қылығым оразамды бұзбай ма екен деп күмәнға бой алдырып жататыны бар. Осы тұста Оразаны бұзатын іс-өрекеттерді атап өтіңізші?

- Әдейі немесе қателікпен бір нәрсені жел-ішу, темекі шегу, жыныстық қатынасқа түсу оразаны бұзады.

- Ауызашар беру кімдерге міндеттелген? Ауызашар дастарханын жаюдың әдебі қандай?

- Ауызашар беру – сауабы мол амал. Хадисте: «Ораза ұстаушыны тамақтандырған адам (ауызашар берген) оның сауабын алады. Әрі ораза ұстаушының сауабы еш кемігілмей беріледі», делінген (Тирмизи). Алайда ауызашар беретін адам ысыраққа жол бермей, мақтан үшін дастархан жаймау керек.

- Жауабыңызға рақмет!

АЛЫС САПАРҒА ШЫҚҚАН АДАМ ОРАЗА ТҮТПАУЫНА БОЛА МА?



ОРАЗАДА ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

Жаратушы иеміз ораза кезінде пенделеріне кейбір жағдайда ораза ұстамауға рұқсат еткен. Соның бірі - егер адам алыс сапарға шығатын болса, сол кезде ораза ұстау міндет болып есептелмейді.

«Алыс жолаға (шамамен 90 шақырым) шыққан жолаушыға Рамазан айында ораза тұтпауға рұқсат етіледі. Алла Тағала Құранда былай дейді: «Сендерден кім ауру немесе жолаушы болса, басқа күндерде өтесін», деп жазыған Мұфтиятың жауабында.

Дегенмен, егер кімде кімнің ораза ұстауға қауқары жетсе, аузын ашқаннан гөрі оразасын жалғастыра бергені абзал.

Осы тұрғыда тағы бір ескеретін жайт, таң намаз уақыты кіргеннен кейін жолағ шыққан адам сол күнгі оразасын бұзбай, соңына дейін ұстауы тиіс. Себебі, Алла тағала: «Ізгі істеріңді зая кетіріп жүрмеңдер» деп бұйырған.

САУАБЫ МОЛ АҮ



Биыл ел тұрғындары 30 күн ораза ұстайды. Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – қасиетті Қадір түні. 10 сәуір – Ораза айт мерекесі. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бекітуімен осы жылы пітір садақасы еліміз бойынша екі келі ұнның орташа бағасы негізінде 640 теңге болып бекітілді.

Рамазан айы – ең алдымен, құлшылық пен қайырымдылық кезеңі болып саналады. Хадистерде Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) ораза кезінде айрықша қайырымды әрі қолы ашық болатыны айтылған. Бұл күллі мұсылман үмбетін осы іске ынталандыратын әрі үлгі болатын амал. Сондықтан Рамазан айы басталғанда таң атқаннан күн батқанға дейін ашқұрсақ жүру әркімнің қолынан келетін шығар, дегенмен осы кезеңді ел ішіндегі жарлы-жақыбайларға, жөжіктерге, жетім-жесірлерге көмек қолын созуға, қоғам үшін қайырымды істер жасауға арнауың сауабы шексіз.

Осыған орай жыл сайын ораза қарсаңында мүфтият тарапынан кәсіпкерлерге арнайы үндеу жолданып келеді. Биыл да Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы жылдағы дәстүрден жаңылмай қолында қаражаты мен мүмкіндігі бар кәсіпкер азаматтарды Рамазанның құрметіне ізгі амалдар жасауға шақырды.

Қоғам үшін пайдалы да қайырымды іс жасаудың жолы көп. Қарапайым бір мысал келтірсек. Ислам дінінің өлемдік өркеніет өзегіне айналуына өлшеуіс

үлес қосқан Осман империясында жақсы бір дәстүр болыпты. Ол көбіне Рамазан айында жасалады екен. Осы кезеңде әрбір жақсылыққа әдеттегі кезге қарағанда молырақ сауап жазылатынын білетін қалталы азаматтар кез келген дүкенге барады екен де, қарызға азық-түлік сатып алатын адамдардың тізімін сұрайды. Соның ішінен қарызы ең көп адамның немесе бірнеше адамның, тіпті кейде бөрінің бөрішегін өтеп береді екен. Әлгі қарыз бар адамдар өзін қол ұшын созған «атымтай жомарттың» кім екенін де білмейді. Дінде жасырын жасалған садақаның сауабы мол болатыны белгілі.

Біздің ойымызша, бүгінгі таңда да осы игі амалды қайта жаңғыртудың артықтығы жоқ. Өйткені халықтың бір бөлігі дүкеннен азық-түлікті жаздырып алатынын көріп жүрміз. Тіпті несиеге тамақ алатындар қатары да соңғы уақытта көбейген. Бұл қасиетті айда елге пайдалы деген тігізіміз әзір Құдайдың сауабына қол жеткіземін деген азаматтар болса, әріге бармай-ақ осы айтылған қарапайым ғана қайырымдылықтан бастап халыққа қол ұшын созар болса, ол ел ішінде жаппай дәстүр ретінде қалыптасар еді.

«Ораза тұтқан адам екі рет қуанады: бірі – ауыз-ашарда, екіншісі – ақыретте ұстаған оразасының сауабын алғанда», дейді бір хадисте. Біз бұдан Рамазан айында адамдарға ауыз аштырудың қандай ізгі амал екенін көреміз. Дегенмен оның да мәнісін қазіргі күні кейбір адамдар түсіне

бермейді. Кейде ауызашар дастарханы терінен ораза ұстамаса да, билігі мен беделі бар адамдардың орын алып жататынын байқаймыз. Ал шын мәнінде ауызашар олардың «жарыққауы» үшін емес, Құдайдың желп-жебеуі үшін жасалатын амал ғой. Бір сәбеп айтқанда, ол да – қайырымдылықтың бір түрі. Сондықтан ауыз-ашар дастарханна ауызы ашық бай-бағлан емес, ораза ұстаған жоқ-жітік, тойып тамақ іше алмайтын жағдайы төмен адамдар шақырылса құба-құл.

«Рамазан айында жасалатын ең абзал амалдардың бірі – ауызашар беру мәдениеті. Ауызашар дастарханы ағайын-туыстың басын қосып, бауырлардың басын біріктіреді. Бір-біріне өкпе-назы болғандар осы айда Жаратқан иеміздің разылығы үшін бір-біріне кешірім беріп татуласып жатады. Бұл айда мешіттердің асханаларында, дөмхана, мейрамханаларда күн сайын мыңдаған адамға дастарқан жайылады. Олар әлеуметтік жағдайы төмен бауырларымызды тамақтандырып, мұқтаж отбасыларға азық-түлікпен көмектесіп жатқандар да көбіне түскен. Жағдайы бар уақытта адамдар өздерінің пітір садақасы мен зекеттерін мешітке, өңір біреулері шәкірттерге, кедей-келшіктерге беріп жатады. Әлеуметтік желіге бес жүгіртсеңіз, шалғай ауылдары баспанасы жоқ отбасына үй салып беріп жатқандарды, кедей-кешікше мал-мүлік алып беріп жатқандарды көресіз. Осының барлығы да Алла Тағаланың разылығын алу үшін жасалып жатқан ізгі амалдар», дейді белгілі дінтанушы Балғабек Мырзаев.

«Ағайын, бұл да сенің сынақ шағын. Жақшы бір жүрегіңнің шырақ-шамын. Жәннаттан орын табар, Жаратқанның Жарлығын орындауды ұнатса кім», - деп біз де бір өлеңімізде қасиетті ұйғай қадірі жайында жырлаған едік. Шын мәнінде бұл – сынақ айы. Өйткені барлық адам түрлі жағдайда сыналады. Ауыз бекіткендердің ерік-жігері, қалталы азаматтардың қайырымдылық қасиеті, ал барлық адамның осы айда адамгершілігі мен сабырлығы сыналады екен. Біз Пайғамбарымыздан жеткен (с.ғ.с.): «Кімде-кім ораза ұстаса, жаман сөз айтпаса, дауласпасын! Оны біреу балағаттаса немесе дауласса: «Мен оразамын», - деп айтсын», деген хадисін білеміз. Бұл айда біз ұрыс-керіс пен дау-дамайды шетке ысырып, араласпай көткен туыс-туған және дос-жаран болса, олармен қайта татуласып, ізгі қадам жасауымыз керек. Бұл – қоғамға өзара татулыққа, достыққа бағыттайтын ай. Елді бір жұдырық қылып біріктіретін кезең.

БИЕ СҮТІНІҢ ШИПАЛЫҚ ҚАСИЕТІН ЗЕРДЕЛЕГЕН

Бие сүті 3 мың жыл бұрын Қытайда емдік мақсатта қолданылатын қасиетті өнім болып саналған. Гиппократ (шамамен б.з.д. 460-377 ж.) осы өнім жайлы жазбаларында оның емдік қасиеті, әсіресе туберкулез, тыныс жолдары аурулары мен басқа да көптеген сырқатқа таптырмас ем екенін баяндаған. Еуропалық әдебиеттерде бие сүті ас қорыту ауруларына қарсы «бальзам», бауырға арналған «эликсир» және жалпы сырқаттарға арналған «сергіткіш сусын» ретінде көрсетілді. Бұл көптеген аурудың симптомдарын азайтатын немесе толығымен алдын алатын пайдалы тағам деп есептелді. Сондай-ақ «Бие сүті ағзаны емдеп қана қоймай, оны нығайтады, иммунитетті арттырады, күш-қуат беріп, төзімділікті арттырады, яғни жалпы өмір сүру сапасын жақсартады» деген қорытынды жасалған.

Жаңа сауылған бие сүтінің ғасырлар бойы Қазақстан аумағында ғана емес, оның шегінен тыс жерлерде де танымал болғанына қарамастан, оның емдік қасиетіне кейінгі жылдары ғана мән беріле бастады. Бұл үрдіске бие сүтінің жаңа инновациялық технологиялар – сублимациялау, пастерлеу әдістері арқылы саумалдың ұнтақ түрін шығаруы түрткі болды.

Сублимациялау (сублимациялық кептіру) саласындағы заманауи жетістіктер бие сүтінің пайдалы қасиеттері мен балғындығын тиімді сақтауға мүмкіндік береді. Сублимация процесі кезінде бие сүті тоңазытылып (-35°C), мұзға айналған соң, алынған сүт мұзы арнайы жағдайда сұйық фазаны айналып өтіп, құрамындағы су бұға айналып кетеді. Нәтижесінде мұздың орнында тек сүттің құрғақ ұнтағы ғана қалады. Осылайша, сублимация әдісімен алынған бие сүті ұнтағының сапалық құрамы табиғи сүтке мейлінше жақын болады.

Пастерлеу (пастеризация) процесі арқылы өнімнің қауіпсіздігіне көп жеткізілді. Бұл жағдай тек ересектер үшін ғана емес, балалар мен жүкті әйелдер үшін де өте маңызды. Құрғақ бие сүті ұнтағын белгілі бір пропорцияда жылы суда еріткен кезде ол тез қалпына келіп, табиғи сүтке айналады. Осындай озық технологиялармен өңделген бие сүті отандық кәсіпкерлермен ойдағыдай жүзеге асырып, оны шетелдік тұтынушыларға да ұсынып жатқаны қуантады. Бұл, өрине, экономикалық тұрғыдан да мемлекетімізге тиімді.

Осындай сублимация мен пастерлеу әдістері арқылы саумалдың ем-шіпалық қасиетін медицина саласында кең көлемде ғылыми тұрғыда зерттеуге мүмкіндік туды. Отандық дегерлер ғалымдардың осы саладағы еңбектерін айтып өткен жөн. Еліміздегі бетке тұтар клиникаларымыздың бірі – Президент Іс басқармасы медицина орталығының ауруханасында осындай ғылыми зерттеулер жүргізіліп жатқаны білетіміз. Бие сүті мен қымыздың, түйе сүті мен шұбаттың ем-шіпалық қасиеттерін зерттеп жүрген ғалымдардың көшбасшысы

Бие сүтінің ерекше емдік қасиеті адамзатқа ежелден белгілі. Көшпелілер ертеден бие сауылған бие сүті «саумал» деп атаған. Байтақ даланың сиқырлы сусыны туралы мәліметтер алғаш рет ежелгі грек тарихшысы Геродоттың (б.з.д. 484-424 ж.) жазбаларында кездеседі.



ретінде осы аурухананың бас гастроэнтеролог дегері, медицина ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Бимбетовті зор ітіпатпен айта аламыз. Оның жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстары, бие сүтінің ас қорыту органдары мен бауыр, өт жолдары сырқаттарындағы көреметтей қасиеттерін дәлелдеп жазған ғылыми жұмыстары көңілге жылу ұялатады.

Қазіргі заманда кең етек алып жатқан метаболизмге байланысты аурулар мен көшегі елімізге орасан зор шығын келтірген Covid-19 инфекциясының салдары өлі де маңызды проблемалардың бірі болып келеді. Ол тек медицина қызметкерлерін ғана емес, жалпы қоғамды да алаңдатып отыр. Осы бағытта жаңаша көзқарастар мен зерттеулер қажет сияқты көрінеді.

Жақында Президент ауруханасында қызмет ететін медицина ғылымдарының докторы, профессор Орал Оспановтың жетекшілігімен дайындалған бір топ автордың «Қазақстан Республикасындағы бариатриялық және метаболикалық хирургияның концептуалды реинжинирингін өзіндік және өзінше – көпсалалы көзқарас» тақырыбында Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығына тапсырылған жұмысын тізімінен көріп, қуанып қалдым.

«Реинжиниринг» деген сөзбен ұсынылған жұмыс тақырыбын оқыған кезде алдымен медицинадағы қандай да бір техникалық жаңалықтар туралы ойлаған едім. Бірақ ғылыми-практикалық жұмыспен танысқан соң оның терең мағынасы түсінікті болды. Жалпы айтқанда, бұл ғылыми жұмыс

метаболизм бұзылыстары мен оның асқынудың комплексті түрде, яғни өртүрлі саладағы дегерлердің бірігіп, көпсалалы көзқараспен қарап, хирургиялық және хирургиялық емес тәсілдермен емдеу керек деген қорытындыға саяды. Мәнінше, бұл – өте дұрыс көзқарас. Себебі адам организмі өте күрделі жаратылған биологиялық субъект қой. Оны тек бір көзқараспен қарап, денсаулық проблемасын оңтайлы шешу, сірә, дұрыс болмас.

Дегері болмағандықтан, мен аталған ғылыми-практикалық жұмыста көрсетілген хирургиялық тәсілдерге сараптама жасай алмамын, бірақ биолог, ветеринар, ғалым ретінде ой-пікірімді білдіргім келді:

Біріншіден, жұмыстың ауқымдылығы. Аталған проблемаларды шешу жөнінде жасалып жатқан өртүрлі хирургиялық тәсіл, олардың көремет нәтижелері. Бұл, әсіресе, кейінгі кезде белең алып бара жатқан сөміздік кезінде айқын көрінеді.

Екіншіден, «Бариатриялық және метаболикалық хирургия» саласы инновация ретінде танылып, алғаш рет Денсаулық сақтау министрлігінің аттестаттауға жататын мамандықтар тізіміне енгізілген екен. Яғни бұл – медицинада жаңаша мамандық пайда болды деген сөз. Бұл мамандық Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілген. Бұл, өрине, мақтауға тұрарлық нәтиже.

Үшіншіден, жұмыс нәтижелерінің отандық және шетелдік баспаларда ауқымды түрде жарық көруі. Жасалған жұмыс нәтижесі бойынша 7 монография, 15 отандық және шетелдік патент, 39 авторлық куәлік,

дегірлерге арналған 9 методикалық нұсқаулық, өлемдік «Scopus» және «Web of Science» деректер базасындағы басылмаларда жарияланған 50 мақала. Өте көлемді, ауқымды жұмыс. Тарихта тек бір монографиямен ғана мемлекеттік сыйлықты алған жағдайлар кездеседі. Ал мұндай ірі көлемдегі жұмыс қазіргі таңда сирек кездессе керек.

Төртіншіден, жасалған жұмыс нәтижесі тек ғылыми жұмыс болып «шаң басып» жатпай, күнделікті практикада қолданысқа ие болған. Бұған еліміздің барлық өңіріндегі практикаға енгізу актілері дәлел. Яғни кең-байтақ қазақ елінің өңірлерінде метаболизм бұзылыстары кезінде авторлар енгізген әдістермен ем-шаралар жүргізіліп жатыр деген сөз.

Бесіншіден, өрине, бие саумалын метаболизм сырқаттары кезінде емдік-профилактикалық әдіс ретінде қолдану – тың көзқарас, жаңаша әдіс. Ұлттық тағамымызға тың көзқараспен қарау нәтижесінде пайда болған жаңаша емдеу тәсілі көптеген ғылыми зерттеуді жүргізу нәтижесінде дәлелденген. Бұл бағыттағы жұмыстар патенттер мен авторлық куәліктермен, «Scopus» және «Web of Science» деректер базасындағы басылмаларда жарияланған. Сонымен қатар саумалдың ем-шіпалық қасиеттері жөнінде Бақытжан Бимбетовтің авторлығымен 2 монография жарық көрді.

Реті келгенде айта кеткен дұрыс болар. Ұлтмыздың қасиетті тағамдары қымыздың, шұбаттың ем-шіпалық қасиетін терең зерттеу мақсатында мемлекеттік тұрғыда қолдау жасалынып, Ұлттық бағдарлама ретінде қолға алуымыз керек. Ата-бабамыздан қалған кәсіпті жалғастырып, түйе мен жылқы шаруашылығын дамытуға, олардан алынатын шұбат-қымыз сияқты бағалы өнімдерді молайтуға, оны мақтаншы ететіндей ұлттық брендтімізге айналдыруға мол мүмкіндігіміз бар.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, Денсаулық сақтау мен Ауыл шаруашылығы министрліктері бірлесіп, осы бағытта жаңа бағдарлама жасап ұсынса, оны білікті ғалым дегерлер мен ауыл шаруашылығы саласының ғалымдары терең зерттеп, нәтижесін көпшілікке ұсынса, нұр үстіне нұр болар еді.

Президент Іс басқармасы медицина орталығының ауруханасы дегерлерінің «Қазақстан Республикасында бариатриялық және метаболикалық хирургияның концептуалды реинжинирингін өзіндік және өзінше – көпсалалы тәсіл» тақырыбындағы жұмысы ғылыми-практикалық маңызы бар, ашқан жаңалығы мен өнгізу ауқымы бойынша Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері атануға лайықты деп есептеймін.

Қуаныш АЙТАХАНОВ,
ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының академигі,
экономика ғылымдарының докторы.

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҢУАРЛАРЫН СӘЙКЕСТЕНДІРУ

ҚР «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес, ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру – бұл жануарларды есепке алу рәсімі, танбалау, танбалау және жануар мен оның несі туралы мәліметтерді электрондық дерекқорға енгізу арқылы жеке нөмір беру.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ауыл шаруашылығы жануарлары сәйкестендіруге жатады.

Бірінші кезекте сәйкестендіру рәсімі барлық меншік нысанындағы шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы және үй жануарларын бас есепке алу және тіркеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, эпизоотиялық салауаттылықты қолдайды, жануарлардың жұқпалы ауруларының қоздырғыштарының таралу көздері мен жолдарын анықтауға мүмкіндік береді, ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Мұндай талап, ең алдымен, Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған, ол бір жануарды екіншісіне алмастыру мүмкін еместігін, құтыруға және басқа да жұқпалы ауруларға қарсы вакцинацияланбаған жануарларды тасымалдауды болдырмауды, жануар жоғалған жағдайда оны несіне кайтарылу, ал егер бөтен жануар табылса – оның несінің координаттарын айқындауды қамтамасыз етуге тиіс.

Ветеринариялық паспорт бере отырып, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу ауыл шаруашылығы жануарларын

бірдейлендіру үшін чиптер беруді қоспағанда, тетін негізде жүзеге асырылады. Сәйкестендіру аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүргізетін ветеринариялық іс-шаралар кешеніне кіреді және басқа да ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау үшін негіз болып табылады (жануарларды вакцинациялау және емдеу, аса қауіпті ауруларды диагностикалау үшін қан сынамаларын алу және т.б.).

Толдер келесі жасқа толған күннен бастап 14 жұмыс күнінен кешіктірмей сәйкестендіріледі: бұзаулар, қозылар, ешкілер, құлындар – төрт айдан бастап (Таврия кезінде), туған күнінен бастап 7 күн өткен соң (чиптеу кезінде); одан әрі өсіруге және өсімін молайтуға арналған асыл тұқымды торайлар және халықтық шаруашылықтарында ұсталатын торайлар, – туған күнінен бастап 7 күн өткен соң. Таврия (төрт айдан бастап) немесе чиптеу (туған күнінен бастап жеті күн өткен соң) (жылқылар мен тұяқты жануарлар үшін). Тегтеу тамыраға тигізбестен жануардың құлағының ортасына ілуді тегті бекіту арқылы жүзеге асырылады. Топсалы теттер келесідей бекітіледі: ірі кара мен ұсақ малға, түйелер мен



шошқаларға – оң құлаққа бір топсалы тет. Теттер жануардың бүкіл өмірінде жойылмайды. Таңу суық немесе ыстық тәсілдермен жүзеге асырылады. Жылқылар мен бір тұяқты жануарларды қоспағанда, ауыл шаруашылық жануарларының тавросы дененің сол жағына тек жамбас аймағында қолданылады.

Сәйкестендірісіз жануар маманнан барлық қажетті ветеринариялық көмекті ала алмайды.

Сіздің малыңыздың денсаулығы мен өмірі сіздің қолыңызда. Ветеринарға (фельдшерге) хабарласыңыз және жануарыңызды тіркесіңіз.

Лаура ОМАРОВА,
ветеринариялық фельдшер.



Дүйсенбі, 18 наурыз	Сейсенбі, 19 наурыз	Сәрсенбі, 20 наурыз	Бейсенбі, 21 наурыз	Жұма, 22 наурыз	Сенбі, 23 наурыз	Жексенбі, 24 наурыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.40 Д/Ф. 06.30 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 02.45 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ДАЛА ДӘМІ. 14.50 АҚОРДА. 15.15 АПТА. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 00.40 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.35 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.50 Д/Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 02.55 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ТІРШІЛІК. 15.15 КӨңІЛ ТОЛҚЫНЫ. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 01.45 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д/Ф. 06.30, 10.00, 13.00, 15.00, 20.00, 00.50 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. 10.10, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.20, 13.10, 21.25 Т/Х «ЖАТ БАУЫР-2». 13.30, 03.30 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.35 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 15.15 КӨңІЛ ТОЛҚЫНЫ. 16.05 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ-2». 20.30, 01.25 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 «1001 ТҮН». 00.15 PARASAT MAIDANY. 02.20 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.40 «ҚАЗАҚТАР» Д/Ф. 06.30 АҚПАРАТ. 07.00 ТАҢШОЛПАН. НАУРЫЗ. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ӘН МЕН ӘНШІ». 14.30 «ДОС-МҰҚАСАН» Х/Ф. 17.00 «ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!» 19.50 Т/Х «ЖАР-ЖАР». 21.10, 02.40 «ТӨРЛЕТ, НАУРЫЗ» 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.55 «БІЗ БІР КОМАНДАМЫЗ». 00.35 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӨДІГЕР. 06.30 «ДОС-МҰҚАСАН», Х/Ф. 08.45 «ТӨРЛЕТ, НАУРЫЗ» 11.45 МЕРЕКЕЛІК ЖОБА. 14.15, 19.50 Т/Х «ЖАР-ЖАР». 15.35, 03.30 Д/Ф. 16.25 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 21.30 Т/Х «БҮРКІТШІ ҚЫЗ». 00.30 Т/Х «DINA. КҮЙ КҮДІРЕТ». 02.30 КӨңІЛ ТОЛҚЫНЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 КҮЙ-КЕРУЕН. 06.45 «ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ». 09.10 «ОТАНДАСТАР» Д/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00, 01.00 КОНЦЕРТ. 14.15 Т/Х «ЖАР-ЖАР». 16.00 «ӘН МЕН ӘНШІ». 20.00 ЕТІЗ ЛЕБІЗ. 22.15 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 01.55 ШАҢЫРАҚ. 06.40, 03.10 КҮМІС КОМЕЙ. 07.25, 02.25 ЗИҢҒАР. 08.15 «ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!». 10.00, 18.00 Т/Х «КҰРСАУДАҒЫ ҚЫЗ». 12.00 «ЕТІЗ ЛЕБІЗ». 14.30 «МУЗАРТ» АНСАМБЛІНІҢ КОНЦЕРТІ. 17.00 ОТАНДЫҚ BRAND. 17.20 «ТӨРЛЕТ, НАУРЫЗ». 19.50 М/Ф «АРЫСТАН ПАТША». 21.10 М/Ф «АРЫСТАН ПАТША 2: СИМБАНЫҢ МАҚТАНЫШЫ». 22.20 Т/Х «БАУЫРЛАР». 23.20 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 00.00 QAZAQSTAN DAУЫСЫ.

Дүйсенбі, 18 наурыз	Сейсенбі, 19 наурыз	Сәрсенбі, 20 наурыз	Бейсенбі, 21 наурыз	Жұма, 22 наурыз	Сенбі, 23 наурыз	Жексенбі, 24 наурыз
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 «МОЙ МУЖИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 10.25 М/Ф. 11.45 М/Ф «АРТУР И МИНИШУТЫ». 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 БІРАҚ. 15.00, 21.45 Т/Х «ӨПКЕ». 16.00, 23.30 Т/Х «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «МОЙ МУЖИНА, МОЯ ЖЕНЩИНА», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 10.20 «ПОХИТИТЕЛЬ ВРЕМЕНИ», Х/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 БІРАҚ. 15.00, 21.45 Т/Х «ӨПКЕ». 16.00, 23.30 Т/Х «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 17.00 Т/Х «СВОИ ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «СКАЗ О РОЗОВОМ ЗАЙЦЕ», Х/Ф. 07.00 ОЯН. 10.00 НЕОСЕТЬ. 10.20 М/Ф. 12.00, 20.00 Т/Х «АЛДАНҒАН ҮМІТ». 14.00 БІРАҚ. 15.00, 21.45 Т/Х «ӨПКЕ». 16.00, 23.30 Т/Х «НЕЗАКРЫТАЯ МИШЕНЬ». 17.00 Т/Х «СВОИ ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.25 ТАЛҚЫ. 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 07.00 ОЯН. 10.00 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 11.00 МАРАФОН. «НАУРЫЗ 2024». 16.00 БІРАҚ. 17.00 ӘСЕМ ӘНДЕР. 16.00, 23.30 Т/Х «СВОИ ЧУЖИЕ РОДНЫЕ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ЖАҢАЛЫҚТАР. 18.40 Т/Х «КЕЛІНЖАН-1». 20.30 «КҮШК ҚУДА». 22.30 ХАБАРЛІКЕ. 23.30 СБОРНИК. «НАУРЫЗ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 МУЗИКЛ. 07.00 ОЯН. 10.00, 23.15 КОНЦЕРТ. 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-2». 14.00 БІРАҚ. 15.00, 21.45 Т/Х «КҮЛӨШ». 18.00 «ДОС-МҰҚАСАН», Х/Ф. 20.30 «КЕЛІНЖАННАН ҰЯТ БОЛМАСЫН». 00.30 СБОРНИК. «НАУРЫЗ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 «ДОС-МҰҚАСАН», Х/Ф. 12.30 «КЕЛІНЖАННАН ҰЯТ БОЛМАСЫН». 14.00 XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 15.00 АЛҒАШҚЫ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 17.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 19.00 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 21.00 7 КҮН. 21.40 «ДОНОР», Х/Ф. 23.40 ӘСЕМ ӘНДЕР.	05.00 Т/Х «ҮКІМ». 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 «ӨЗ ЕЛІМ». 10.00 «ДОНОР», Х/Ф. 12.00 М/Ф. 13.30 М/Ф «АРТУР И МИНИШУТЫ». 14.00 ӘСЕМ ӘНДЕР. 14.45 БЕС ЖҮЛДЫЗ. 16.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 18.15 АЛҒАШҚЫ. 19.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.10 «ХИТМЭН», Х/Ф. 00.10 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 18 наурыз	Сейсенбі, 19 наурыз	Сәрсенбі, 20 наурыз	Бейсенбі, 21 наурыз	Жұма, 22 наурыз	Сенбі, 23 наурыз	Жексенбі, 24 наурыз
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/Х «ПЕТРОВКА, 38. КОМАНДА СЕМЕНОВА». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/Х «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/Х «ПЕТРОВКА, 38. КОМАНДА СЕМЕНОВА». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/Х «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.00, 03.50 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ. ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/Х «ПЕТРОВКА, 38. КОМАНДА СЕМЕНОВА». 14.00, 02.15 НОВОСТИ. 14.15, 02.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.25 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/Х «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.20 «П@УТИНА». 08.20, 03.25 DASTARXAN. 09.35 «ТРИ БОГАТЫРЯ И ШАМАХАНСКАЯ ЦАРИЦА», Х/Ф. 11.00 НАСЛЕДНИЦА ПОНЕВОЛЕ», Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.40 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/Х «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2». 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.45 ТОЙ БАЗАР. 07.20, 03.00 «П@УТИНА». 08.20 DASTARXAN. 09.35 «ТРИ БОГАТЫРЯ. НА ДАЛЬНИХ БЕРЕГАХ», Х/Ф. 11.00 НАСЛЕДНИЦА ПОНЕВОЛЕ», Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 01.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.15 KÖREMIZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/Х «АДМИРАЛЫ РАЙОНА-2».	06.00, 03.45 ТОЙ БАЗАР. 08.15, 03.00 «П@УТИНА». 09.00 «КОТЫ ЭРМИТАЖА», Х/Ф. 10.20 «ТАМАРКА», Х/Ф. 14.50 «СВОДНЫЕ СУДЬБЫ», Х/Ф. 18.30, 02.30 АЙНА. 19.00 «МИСТЕР НОКАУТ», Х/Ф. 21.00 «ДОКТОР ИВАНОВ. РОДНАЯ КРОВЬ», Х/Ф. 00.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.05, 03.20 «П@УТИНА». 08.05 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.20 «БАРБОСКИНЫ НА ДАЧЕ», Х/Ф. 09.45 ҚАЙМАҚ. 10.20 «НА МОРЕ», Х/Ф. 12.05 «БЕСЦЕННАЯ ЛЮБОВЬ», Х/Ф. 16.15, 01.50 ӘГУГАЙ. 18.10 «КРАСОТКА В УДАРЕ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ДОКТОР ИВАНОВ. УДАР», Х/Ф. 00.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Талаптан да білім мен өнер үйрен,
Білімсіз, өнерсіз болады ақыл түл.
Үйренсе білім менен сан өмірін,
Білер еді-ау өнердің не берерін.
Шөкерім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ.



С ТІЛ ҰЛТТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҚАЗАҚ ТІЛІ



Тіл - ұлт байлығы. Әр ұлт өз тілін қадірлейді, сыйлайды және болашаққа, келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізіп отырады. Тіл – еасырлар бойы әр ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілу арқылы жинақтаған бағасы жоқ мәдени байлығы. Біздің Отанымыздың тілі – қазақ тілі.

мамандандырылған тәрғеу сотында да мемлекеттік тілге баса назар аударылады. Барлық құжаттар алдымен қазақ тілінде дайындалып, қажет болған жағдайда ғана орыс тілінде қатар жазылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті өзінің 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс». Бұлар: қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі. Қазіргі уақытта бұл үлкен мәселе болмақ. Мені ойымша, егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді. Басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді. Біз үшін өзге тілді білу

- қажет, дегенмен өз ана тілімізді одан да артық білу - біздің парымызды. Сондықтан мен өз замандастарымды ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуге және білуге шақырамын.

Ел болашағы - жастар. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуына біз өзіндік үлес қосудымыз қажет. Сондықтан өзге елде білім алып жүрген жастарымыз бір-бірімен ана тілінде еркін сөйлесіп, ана тілінің мәртебесін көтеріп, ана тіліне деген сыйластығы мен құрметі жойылмағанда ғана тілімізді болашағы жарқын болады деп үлкен сеніммен айта аламыз. "Өзге тілдің бәрін, өз тіліңді құрметте" - деп текке айтапған. Біз тіліміз арқылы дүниеді, мәдениетімізді, танымымызды дәріптейміз, өнеге тұтамыз. Сондықтан мемлекеттік

тілді білу - өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс. Ол үшін Қазақстан Р тіл білуді мақсат тұтып, алдына талап қоя, қажымай ізденіп, айрықша көңіл бөліп, аянбай еңбектесе, мемлекеттік тілді меңгеретіні анық. Өзіміз байқағандай тілімізге өзге тілдер араласуы - ана тілімізге жасалған үлкен кесел. Сол себепті шұрайлы тілімізді шұбарламай, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге ат салысу - біздің басты борышымыз.

Тіл үшін үлкен тірек- сол тілде сөйлейтін адамдар. Ал тіл жойылса, ұлт та жойылады. Тілін құрметтегенді, елі де құрметтер!.. Сол себепті ана тілімізді мейлінше дамытайық!

Қанат ЖҮКЕНОВ,
М.Жұмабаев ауданының сотының өкілшісі басшысы.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА – ЕРЕКШЕ ПЛАТФОРМА

Бұл әлеуметтік жоба ерекше балалары бар отбасыларды қолдауға бағытталған. Үлкен зерттеудің негізінде жасалған платформа білім мен психологиялық ресурстарды қамтамасыз етеді. Ол 2021 жылы «techpreneurs» бағдарламасы аясында «Astana Hub»-та іске қосылды. Бүгінде қосымшаны ата-аналар ғана емес, ерекше балаларды ерте дамыту саласындағы мамандармен педагогтер пайдаланады. «Ozım» платформасы БҰҰ-ның халықаралық DPG мәртебесіне де ие болған. DPG – қоғамға азаматтардың өсуі мен әл-ауқатына ықпал ететін бағдарламалық өнімдер екенін ескерсек, ондай жоба өз орнын ойып тұрып тапқан.

«Ozım» платформасының негізін қалаушы Ә.Тәжиева: «Маған ерекше ана болу үшін жаңа білім қажет болды», дейді. Оның себебі – өзінің баласының да ерекше қажеттілігі бар.

«Ozım» платформасы мобильді қосымшасын құру идеясы 2020 жылы пандемия кезінде ойыма келді. Онда барлық оңалту қызметі мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қолжетімді болмады. Ата-аналар балаларымен реабилитологтер мен басқа мамандардың басшылығымен өз бетінше жұмыс істеуге мәжбүр болды. Алайда пандемия әр отбасында компьютер немесе ноутбук жоқ екенін, бірақ барлығында смартфон бар екенін көрсетті. Осыны ескере отырып, маған смартфон қосымшасын құру идеясы келді. Бұл бастама еліміздің шалғай өңірлеріндегі ата-аналарға өте қолайлы болып көрінді», дейді стартаптың негізін қалаған Ә.Тәжиева.

Платформа қолданушыларға не береді?

Ата-аналарды онлайн режимде оқытып, ақпараттандырады. Тек теориялық материалдар ғана емес, сонымен қатар қазақ және орыс тілдеріндегі практикалық сабақтар да бар. Мысалы, «Ozım Platform» жобалық тобы ата-аналардың ақпараттық қажеттілігі туралы зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижесінде ата-аналарға диагностика туралы маңызды ақпараттар, бейінді

Былғы қақтарда «Augora Tech Award 2024» жаһандық дамуға есер өткен технологиялық стартаптардың негізін қалаушыларға 30 мың долларға дейінгі сыйлығы ұсынды. Оған 102 өлден 649 өтінімі түсіп, жетіске үміткерлердің қорытынды тізіміне 20 кәсіпкер ғана кірді. Жетіске жақындаған жиырма үшінше үш отандасымыз озық тұр. Бүгін сол үштіктің бірегейі Әсем Тәжиева негізін қалаған «Ozım Platform» туралы өңгімелесейік.

мамандардың мақалалары, үй жағдайында баланы оңалту туралы сабақтар және психологтер мен заңгерлердің кеңесі қажет екенін анықталған. Солай «Android» және «IOS» негізінде іске қосылатын ерекше мобильді қосымша халыққа ұсынылды.

«Ерекше балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау керек. Біртүрлі естілсе де, ғылыми әлем мен жеке ана тәжірибесі арқылы стартап жасадым. Баламиын жағдайын көріп, қатты алаңдадым. Пандемия кезінде тіпті қиын болды. Ерте араласуды қажет ететін баланың анасы ретінде пандемия кезінде оңалту мүмкін еместігін ұқтым. Сосын ерекше қажеттілігі бар балалардың аналарына керек ақпараттарға үнілдім. Содан кейін осы қиындыққа тап болған отбасыларға қолжетімді әлеуметтік жобаны мобильді қосымша түрінде жасаймын деп шештім», дейді ол.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» байқауының жеңімпазы, 11 жылдық тәжірибесі бар дефектолог Юстина Викторийна айтуынша, мамандардың мұндай жобаларға қатысуы – оң іс. Өйткені өлкедегі ақ кең аудиторияға өтуге әрі балаларға көбірек көмектесуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, бұл алаң балалардың игілігі үшін тәжірибе алмасуға, қашықтан көмектесуге арналған. Өкінішке қарай, мамандар барлық баланы қамты алмайды. Бірақ қашықтан қатысуға, бақылауға, қандай да бір білім мен тәжірибе алуға мүмкіндік бере алады. Еліміздің шалғай өңірлерінде бұл мәселе болып жатса мамандар жетпейді. Тіпті мамандар жоқ аймақтар бар. Түзету мүлғімі болуы мүмкін, бірақ сурдопедагог, дефектологтер жоқ. Ал платформа ата-аналарға аурумен танысуға және қызметтердің барлық спектрі бар үлкен қалаға кеңес алуға барғанға дейін не істеуге болатынын көрсетеді.

Бір ескерер жайт, қосымша алғаш іске

қосылғанда диджитал-инклюзия бойынша сарапшы Зият Әбдіқайымов зағип және нашар көретін адамдар үшін қосымшаның қолжетімділігіне аудит жүргізген еді. Даму кезеңінде команда технологияның мүмкіндігін тексеріп, ерекше жандарды шектейтін техникалық кемшіліктерді түзеткен. Зияттың айтуынша «Ozım Platform» командасы оған қосымшаны жоспарлау кезеңінде қолжетімділік мәселесімен жүгірген. Ерекше жандарға ешбір көдергі болмай, қолжетімді болуы – басты мәселе. Бұл қаржыға қатысты ғана дүние емес, ұйым мен компанияның құндылықтарына қатысты дейді сарапшы. Оның ойынша, архитектура да ғана емес, цифрлық әлемде де ерекше жандарды ескеретін уақыт келді.

«Ozım» әзірлеу тобы ата-аналарға мәтіндік және бейнежазба форматында маңызды ақпарат бере отырып, платформаны мазмұнын жасау үшін сарапшыларды, соның ішінде тәжірибешілер мен мүлғімідерді шақырды. Қолданбада қажетті ақпаратты іздеуді қарапайым және тиімді ету үшін тоғыз логикалық және тақырыптық құрылымдалған бөлім бар. Сондай-ақ мұнда әртүрлі оңалту ұйымының бірінғай дереккөзі бар. Осының бәрі балалардың дамуын бақылауға мүмкіндік береді. Пайдаланушылар балаларының деректерін өз есептік жазбаларына енгізіп, үдерісті бақылау үшін мезгіл-мезгіл тест жүргізе алады.

Мобильді қосымша аналар мен өкелерге ғана емес, мамандарға да пайдалы болды. Олар маман ретінде тіркеліп, өздерінің практикалық тәжірибелерін орналастырып, Қазақстан мен ТМД өлдерінде оқу материалдарын тарата алады. Бұл әріптестердің тәжірибесін зерттеу және халықаралық әдебиеттерге қолжеткізуге жол ашды. Пікірлес адамдармен қарым-қатынас жасау мен ата-аналардан кері байланыс алу

сарапшыларға өз дағдыларын жетілдіруге және қажеттіліктерді анықтауға көмектеседі.

Көптеген маман қосымша туралы ақпаратты әлеуметтік желіден білген. Соның бірі – логопед әрі тер баланың анасы Ажар Нуркенова. Оның айтуынша, платформадағы тіркеудің қарапайымдылығы, интуитивті интерфейс өте тиімді. Қосымша, шынында да, өсем безендірілген, эстетикалық компоненттер көп.

«Әрбір ата-ананың қолданбадан теориялық материалдардан бастап, практикалық сабақтарға дейін нақты ақпаратты таба алатыны өте керемет. Әсіресе маған бейнеқолықтар ұнады. Сарапшылар ақпаратты ата-аналар үшін қарапайым және түсінікті тілде жеткізді. Ақпарат та сапалы. «Инклюзия» қойындысын платформаның маңызды бөлімшелерінің бірі деп санаймын. Қоғам әрдайым мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдай бермейді, сондықтан қосымшаны ата-аналарға осы мәселелер мен олардың тәжірибелерін талқылауға мүмкіндік бергені дұрыс», дейді логопед.

Елімізде кейінгі жылдары денсаулығы нашар, белгілі бір дертке шалдыққан балалар саны көбейіп барады. Дамуы тежелген балалар айналасындағы адамдармен араласпағандықтан, тұйықталып, өмірге бейімсіз болып қалады. Көп жағдайда ата-ана баланың бойынан қандай да бір ауытқу байқамай, байқаса да аса мән бермей жүріп қалуы мүмкін. Бұл – үлкен қиындықтың басы. Тіпті баласының сырқаты туралы білген ата-аналар не істерін білмей, абдырап қалады. Әсемнің жобасы осы түйткілдердің түйінін шешуге бағытталған.

«Қазір «Ozım Platform»-ның нағыз дамытын кезі. Біз мүмкіндігінше Орталық Азиядағы көптеген отбасын қамтуды және ата-аналарға бала дамуының кешігін ерте анықтауға көмектесуді жоспарлап отырмыз. Ерте даму және араласу әрбір жеке тұлғаның өсуі мен дамуы үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ете отырып, тұрақты және саламатты қоғамды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады», деп ойын қорытты Ә.Тәжиева.

Еліғмай ТӨКПЕР.

ЖЕЛІЛІК ПОЛИЦИЯ ЕСКЕРТЕДІ

«ПРОБАЦИЯ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛУДЕ

СҚО бойынша ҚАЖД М.Жұмабаев аудандық пробация қызметі бөлімімен 2024 жылдың 11-ші науырызға бастап 20-ші науырызға дейін аралығында «Пробация» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Жедел-профилактикалық іс-шараны өткізу барысында СҚО ҚАЖД бойынша аудандық пробация қызметі бөлімінің және М.Жұмабаев ауданы ПБ учаскелік полиция қызметкерлері жұмылдырылды. Бұл іс-шараның басты мақсаты пробация бөлімінде есепте тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаса сотталғандарды тұрғылықты мекен-жайы бойынша тесеріспен қамтып, құқықбұзушылықтарды алдын алу болып келеді.

«Пробация» ЖПІШ өткізу барысында М.Жұмабаев аудандық пробация қызметі бөлімінің есебінде 35 сотталған тіркелген.

Сотталғандардың қатарынан жазаны өтеудің шартта-

рыммен тәртібін орындауынан жалтарғаны анықталған күнде, олардың, қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазасы бас бостандығын айыру түріндегі жазға ауыстырылу сұрағы сотта қарастырылатыны жайлы олар ескертіледі. Сондай-ақ пробация бөлімінің қызметкерлерімен, сотталғандардың қатарын құқықбұзушылықтарды алдын алу мақсатында халықтың көп шоғырланған жерлері (кафе, ресторан, түнгі клубтар және саябақтар) тексеріспен қамтылады.

Ғалымжан БАЙБАСИН,
СҚО бойынша ҚАЖД Мағжан Жұмабаев аудандық ПҚБ инспекторы,
өділет аға лейтенанты.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК ТЕЛЕФОНЫНА ҚОҢЫРАУ ШАЛУ СІЗГЕ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАДЫ?
8-800-080-81-50

- сізді мағалаятын барлық өресіні еркін талқылаңыз
- мақалыңды есептеріңіз туралы
- мәселені уағалығын шешу
- тәжірибелі психологтардың ұсыныстарын алыңыз
- ақпараттың қажетті уақытта көмек алыңыз
- досымызға көмектесу
- азан мерің қайғырудың орнына, әрекет ету мүмкіндігі
- ашық айту (сырлау)

Директор - бас редактор Вели ТОНЧАР	Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баши көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басқалық нөмірі: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	«Magjan zhuldyzy» газеті редакция тәртіпін беттейді. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петропавл к., Копунов к-сі, 5 үй). Тарауымы - 780	Газет аудан өкілшінің, аудандық мемлекеттік таңерісіне бойынша шығарылады және газеттер аралық мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуінегі ресми басқалық табылады
--	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама берудің жауапты. Жарнаманың мақалалық авторларының пікірлері редакция қолқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғалқабалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәтініне айналады, ренгизмалайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәсележрі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық нонга торабына хабарласуға болыды